



БЕКІТЕМІН

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ

Басқарма төрағасы - Ректор

Г.Сугирбаева

« 11 » _____ 2023 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

**БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР
ҚҰРАМЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

ПРОЦЕДУРАСЫ

СМЖ ОҚПУ ПР 7.16-2023

| Қызметі | Қолы | Аты-жөні |
|---|------|-----------------|
| Келісілді: | | |
| Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор | | Кудышева А.А. |
| Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор | | Керімбеков Е.Р. |
| Академиялық істер департаментінің директоры | | Бердалиев Д.Т. |
| Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімінің басшысы | | Калибаева Д. Б. |
| Заң департаментінің директоры | | Амирхан М.А. |

| Қызметі | қолы | Т.А.Ж. |
|---------------------------------------|------|-----------------|
| Әзірлегендер: | | |
| Интернационалдандыру офисінің басшысы | | Абдуразова П.А. |

| | | |
|--|--|--|
| Құжаттың сақтау мерзімі: " 2 " 11 2023 ж. дейін " 3 " 11 2026 ж. | Қолданысқа енгізу: Бұйрық № 4/204 Енгізу күні: " 2 " 11 2026 ж. | СМЖ ОҚПУ ПР 7.17-2023 Басылым 1 Тіркеу № 24 №Көшірмесі |
|--|--|--|

| | | |
|---|---|------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 2-беті |

Мазмұны

| | |
|---|----|
| 1 Қолдану саласы | 3 |
| 2 Нормативтік сілтемелер | 3 |
| 3 Терминдер мен анықтамалар | 4 |
| 4 Белгілер мен қысқартулар | 6 |
| 5 Жауапкершілік және өкілеттіктер | 7 |
| 6 Процесстің сипаттамасы | 7 |
| 7 Тәуекелдерді басқару | 23 |
| А қосымшасы. Студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру бойынша іс-қимыл алгоритмі | 24 |
| Ә қосымшасы. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін талап етілетін құжаттар тізімі | 25 |
| Б қосымшасы. Оқытуға келісім үлгісі | 26 |
| В қосымшасы. Оқуға өтініш үлгісі | 30 |
| Г қосымшасы. Оқыту туралы транскрипт үлгісі | 34 |
| Д қосымшасы. Студенттің жеке оқу жоспары | 38 |
| Е қосымшасы. Білім алушының өтінішінің үлгісі | 39 |
| И қосымшасы. Оқуға қайта қабылдау өтінішінің үлгісі | 42 |
| Ж қосымшасы. Кредиттерді және ECTS бойынша бағаларды кредиттерге қайта есепке алу және қазақстандық модель бойынша бағалау ведомосының үлгісі | 43 |
| З қосымшасы. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушының есеп үлгісі | 46 |
| К қосымшасы. Халықаралық шарттар/келісімдер және академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді іріктеу критерийлері | 47 |
| Л қосымшасы. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына өтініштерді тіркеу журналы | 48 |
| С қосымшасы. Өзгерістерді тіркеу парағы | 49 |

| | | |
|---|---|------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 3-беті |

1. Қолдану саласы

1.1. Осы процедура (ПР) білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамның академиялық ұтқырлығын ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді, сондай-ақ интернационалдыру офисі факультет деканаттарымен, кафедралармен және осы процеске қатысатын ЖОО-ның басқа құрылымдық бөлімдерімен және лауазымды тұлғаларымен өзара қарым-қатынасын регламенттейді.

ПР университеттің оқытушы-профессорлар құрамы (ОПҚ), факультеттері мен кафедраларының қолдануына жатады.

Осы ПР Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің (бұдан әрі – Университет) сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді.

1.2. ПР авторлық құқық объектісі болып табылады және оны университеттің Басқарма төрағасы-ректордың рұқсатынсыз басқа ұйымдарға беруге жол берілмейді.

2. Нормативті сілтемелер

Осы ПР-да келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ИСО 9000-2017 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған ақпаратты басқару процедурасы.

СМЖ ОҚПУ ПР 5.01-2023 сапа менеджменті жүйесі. Мәліметтерді талдау. Жоғары басшылық тарапынан сапа менеджменті жүйесін талдау процедурасы.

СМЖ ОҚПУ ПР 8.02-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Түзету және алдын-алу әрекеттері процедурасы.

СМЖ ОҚПУ ПР 7.02-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Оқу-ұйымдастыру процесін басқару процедурасы.

СМЖ ОҚПУ ПР 7.03-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Оқу-әдістемелік процесін басқару процедурасы.

СМЖ ОҚПУ ПР 8.04-2023 Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу процедурасы.

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006976>).

"Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005499>).

| | | |
|---|---|------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 4-беті |

3. Терминдер мен анықтамалар

ҚР СТ ИСО 9000:2017 келтірілген терминдер мен анықтамалар ПР-да қолданылады және қосымша қолданылады::

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - демалыс күндерін (демалыстар мен мерекелер) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларына, оқу жылындағы практикаларға арналған күнтізбе.

Академиялық ұтқырлық (Academic Mobility) – өзі оқитын жоғары оқу орынындағы білім беру бағдарламаларын меңгеруін кредит түрінде міндетті түрде қайта есептей отырып білім алушылардың белгілі бір академиялық кезеңде: семестр немесе оқу жылында білім алу үшін басқа (мемлекет ішіндегі немесе шетелдік) жоғары оқу орнына ауыстырылуы немесе басқа жоғары оқу орынында білімін жалғастыруы; 10 күн мен бір оқу жылының аралығында дәріс оқу, зерттеу жүргізу және тағылымдамадан өту үшін отандық/шетелдік жоғары оқу орындарына ОПК/ӘБҚ мен ғылыми қызметкерлердің, білім алушылардың алмасуы. ОПК мен қызметкерлер үшін басқа жоғары оқу орнынан міндетті түрде сертификатын алу.

Академиялық ұтқырлықтың формалары: білім беру тағылымдамасы, ғылыми тағылымдама.

1) Білім беру (академиялық) тағылымдамасы – білім алушының жеке оқу жоспарының немесе отандық немесе шетелдік ЖОО-да оқытылуы мүмкін пәндер көрсетілетін халықаралық (сонымен қатар бірлескен) білім беру бағдарламасының негізінде білім алуы, біліктілігін арттыруы немесе қайта даярлауы.

2) Ғылыми (зерттеу) тағылымдамасы – басқа ЖОО-лар мен елдердің кітапхана қорлары мен басқа да ресурстары негізінде бітіру жұмысын, диссертация, мамандық бойынша монография жазу және/немесе оқулық, оқу құралын дайындау үшін ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік сипаттағы ақпараттар мен материалдарды жинау, талдау бойынша атқарылатын қызмет.

Академиялық ұтқырлықтың түрлері: жеке, топтық (ұжымдық), ішкі (мемлекет ішінде) академиялық ұтқырлық, сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық, кіріс (халықаралық) ұтқырлық, қысқа мерзімді академиялық ұтқырлық және ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық.

1) Жеке академиялық ұтқырлық – білім алушыны белгілі мерзімге білім алу, білім беру, зерттеулер жүргізу немесе біліктілігін арттыру үшін басқа білім беруші немесе ғылыми мекемеге (өз еліндегі немесе шетелдегі) ауыстыру (меңгерген білім беру бағдарламаларын өз ЖОО-да кредиттер түрінде міндетті түрде қайта есептей отырып және ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық жағдайында басқа ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін).

2) Топтық академиялық ұтқырлық – білім алушыларды оқытушының жетекшілігімен немесе өздерін топтың құрамында белгілі мерзімге білім алу, білім беру, зерттеулер жүргізу немесе біліктілігін арттыру үшін басқа білім беруші немесе ғылыми мекемеге (өз еліндегі немесе шетелдегі) ауыстыру (меңгерген білім беру бағдарламаларын өз ЖОО-да кредиттер түрінде міндетті түрде қайта

| | | |
|---|---|------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 5-беті |

есептей отырып және ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық жағдайында басқа ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін).

3) Ішкі академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың, оқытушы-зерттеушілердің кредиттік білім беру бағдарламасын өз жоғары оқу орнында міндетті оқыту үшін немесе өзге жоғары оқу орнында жалғастыру үшін, сонымен қатар, зерттеулер жүргізу үшін белгіленген академиялық мерзімге: семестр / оқу жылында Қазақстанның өзге жоғары оқу орнына барып келуі.

4) Сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың, оқытушы зерттеушілердің кредиттік білім беру бағдарламасын өз жоғары оқу орнында міндетті оқыту үшін немесе өзге жоғары оқу орнында жалғастыру үшін, сонымен қатар, зерттеулер жүргізу үшін белгіленген академиялық мерзімге: семестр / оқу жылында шетелдік жоғары оқу орнына барып келуі.

5) Кіріс (халықаралық) академиялық ұтқырлық – шетелдік білім алушылардың оқу үшін, зерттеулер жүргізу үшін немесе тағылымдамадан өту үшін 10 күннен 1 оқу жылына дейінгі мерзімге шетелдік жоғары оқу орындарынан келуі.

6) Қысқа мерзімді академиялық ұтқырлық – білім алушылардың, ОПҚ мен қызметкерлердің отандық/шетелдік оқу орнына және/немесе шетелдік оқу орнынан 10 күннен 4 айға дейінгі мерзімге баруы немесе келуі.

7) Ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық – білім алушылардың, ОПҚ мен қызметкерлердің шетелдік оқу орнына және/немесе шетелдік оқу орнынан 4 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге баруы немесе келуі.

Қабылдаушы ЖОО – алмасу бағдарламасы бойынша екі апта, бір және одан да көп ай, бір және одан да көп семестр шеңберінде Университет білім алушыларын, ОПҚ мен қызметкерлерін қабылдайтын ЖОО немесе ғылыми ұйым.

Кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі (аударма) (European Credit Transfer and Accumulation System) – БББ (модуль/пән, практика) құраушы компоненттерінің сынақ бірліктерін (кредиттерін) беру тәсілі, олардың көмегімен білім беру траекториясын, ЖОО мен оқу елін ауыстырған кезде оларды салыстыру және қайта есептеу (кредиттер мен бағалар) жүзеге асырылады.

Жеке оқу жоспары (Individual Curriculum) – білім алушылардың әр оқу жылына арналған МББ және КЭД негізінде эдвайзердің (бөлімнің) көмегімен жасалатын оқу жоспары.

Кредиттік оқыту технологиясы (Credit System) – білім алушыны таңдау және дербес жоспарлау негізінде оқыту.

Кредиттік ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру шеңберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң білім алушылар оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады).

| | | |
|---|---|------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 6-беті |

Қашықтықтан оқыту технологиялары (Distance learning) – қашықтықтан, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, педагог пен білім алушылардың өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылатын оқыту.

ИО АҰ координаторы (Academic Mobility Coordinator) – функционалдық міндеттеріне сәйкес қабылдаушы ЖОО-мен академиялық ұтқырлық бағдарламасын жалпы үйлестіруді жүзеге асыратын маман.

Халықаралық байланыстар үйлестірушісі – оқуға жіберу және қабылдаушы ЖОО-да болу кезінде білім алушыларды үйлестіруді жүзеге асыратын маман.

Ынтымақтастық туралы меморандум (Memorandum) - жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылым және инновациялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында белгілі бір мерзімге жасалатын университет пен шетелдік немесе отандық жоғары оқу орны арасындағы екі жақты келісім.

Өзін-өзі қаржыландыру – шетелдік серіктес университеттерде білім алу білім алушының жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Оқу туралы келісім (Learning agreement) – студент серіктес университетте оқу кезі үшін жоспарланған ECTS кредиттері бар БББ компоненттерін қамтитын келісім.

Шақырту – білім алушының 1 семестрге немесе 1 академиялық жылға қабылданғанын растайтын шетелдік немесе отандық ЖОО-ның қолы қойылған және мөрі басылған ресми құжат.

Транскрипт (Transcript) – кредиттер мен бағаларды әріптік және сандық түрде көрсете отырып, оқудан, практикадан, тағылымдамадан өтудің тиісті кезеңі үшін игерілген БББ компоненттерінің тізбесін қамтитын құжат.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушы (Academic mobility Participant) – академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушы.

Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы.

Халықаралық бағдарламалар – Эразмус+, Мевлана, Орхун, UMAP, Dora plus, ИТЕС және т.б. сияқты шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламалары.

Free mover student – Университетпен келісімі жоқ қабылдаушы ЖОО-ға академиялық семестр ішінде оқуға бағытталған академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушы.

4. Белгілер мен қысқартулар

Осы ПР-да мынадай қысқартулар қолданылады:

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ОҚПУ – Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті;

КеАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

| | | |
|---|---|------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 7-беті |

ПР – процедура;
 ЖОО- жоғары оқу орны;
 АІД – Академиялық істер департаменті;
 АРДД – Адами ресурстарды дамыту департаменті;
 ҚЭД – Қаржы және экономика департаменті;
 ЗД – Заң департаменті;
 ИО – Интернационалдандыру офісі;
 ТО – Тіркеу офісі;
 АҰ – академиялық ұтқырлық;
 ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы;
 ӘБҚ – әкімшілік басқару құрылымы;
 ЖОЖ – жеке оқу жоспары;
 КОТ – кредиттік оқыту технологиясы;
 ҚОТ – қашықтан оқыту технологиялары;
 ЭПК – элективті пәндер катологы;
 БББ – білім беру бағдарламасы;
 МББ – модульдік білім беру бағдарламалары;
 ECTS – Еуропалық трансфер (аударым) және несие жинақтау жүйесі.

5. Жауапкершілік және өкілеттіктер

- 5.1. Осы ПР-ны университеттің Басқарма төрағасы- ректоры бекітеді.
- 5.2. ПР әзірлеу үшін, атап айтқанда мазмұны, құрылымы, СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 талаптарына сәйкес ресімдеу үшін, талаптарды бекіту және енгізу үшін интернационалдандыру офісінің басшысы жауапты болады.
- 5.3. Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын ұйымдастыруға және үйлестіруге факультет декандары, кафедра меңгерушілері, интернационалдандыру офісінің қызметкерлері, факультеттердің академиялық ұтқырлық жөніндегі үйлестірушілері жауапты болады.
- 5.4. Процесстің нақты кезеңдері бойынша жұмыстардың орындалу сапасына нақты кезеңді орындауға қатысушы басшылар жауапты болады.
- 5.5. Білім алушылар мен ОПҚ-тың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру интернационалдандыру офісінің басшысы жауапты болады.
- 5.6. Қызметкерлердің назарына осы ПР талаптарын жеткізу үшін бөлім басшысы жауапты болады.
- 5.7. ПР-ға өзгерістерді "өзгерістерді тіркеу парағына" (С қосымшасы) міндетті түрде белгі қоя отырып, интернационалдандыру офісінің басшысы енгізеді.

6. Процесстің сипаттамасы

6.1. Жалпы ережелер

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процесінің іс-

| | | |
|---|---|------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 8-беті |

қимыл алгоритмі А қосымшасында ұсынылған

6.1.1. Академиялық ұтқырлық мақсаттары:

- Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру;
- Білім сапасын, күзіреттілікті және біліктілік деңгейін арттыру;
- Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлауға жәрдемдесу;
- Халықаралық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту.

6.1.2. Академиялық ұтқырлықтың негізгі түрлері:

- бірлескен бағдарламалар;
- ЖОО желілік консорциумдары;
- академиялық (зерттеу, өндірістік) тәжірибелер;
- тағылымдамадан өту;
- ЖОО-ның жазғы семестрлері болып табылады.

6.1.3. Университет білім алушылары, ОПҚ мен қызметкерлері осы Ережеге, ҚР БжҒМ 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығына, Университет жарғысына сәйкес академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуға құқылы.

6.2. Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығын іске асыру процесі

6.2.1. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткер (бұдан әрі-үміткер) ретінде Университет студенттері, екінші семестрден алтыншы семестрге дейін білім алатын студенттер, сондай-ақ екінші семестрде білім алатын магистранттар және екінші семестрден төртінші семестрге білім алатын докторанттар ақылы негізде де, мемлекеттік білім беру гранты мен Халықаралық бағдарламалар есебінен де қатыса алады. Бағдарламаға үміткерлер академиялық ұтқырлық бағдарламасына білім беру бағдарламаларының тобы бойынша (жіберуші кафедраның келісімі бойынша) өтінім бере алады. Қабылдаушы ЖОО-да оқу күндізгі нысанда да, қашықтықтан да өтуі мүмкін.

6.2.2. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткерлер келісім/меморандум болған жағдайда, сондай-ақ Университет келісімі жоқ қабылдаушы ЖОО-мен еркін тыңдаушы (Free mover) ретінде құжаттарды тапсыра алады. Еркін тыңдаушы ретінде оқуға қатыса отырып, білім алушы семестрдің соңында тиісті транскрипт алады.

6.2.3. ҚР ҒжЖБМ қаржыландыруымен, яғни, республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін білім алушылардың академиялық ұтқырлығы №613 Бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады. Қатысу үшін шекті оқу үлгерімі кемінде 2,67 (екі бүтін жүзден алпыс жеті) балл болуы тиіс. Үміткерлер шет тілін В2 деңгейінен төмен емес меңгеруі тиіс. Дәлелдеме құжат ретінде шет тілі деңгейін бағалаудың халықаралық жүйелері бойынша (IELTS, TOEFL) сертификатының көшірмесі ұсынылады (К қосымшасы).

Ақылы қызметтерді іске асырудан Университет кірістері есебінен қатысу үшін – шекті оқу үлгерімі кемінде 2,67 (екі бүтін жүзден алпыс жеті) балл болуы тиіс. Үміткерлер шет тілін В2 деңгейінен төмен емес меңгеруі тиіс. Дәлелдеме құжат ретінде шет тілі деңгейін бағалаудың халықаралық жүйелері бойынша

| | | |
|---|---|------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 9-беті |

(IELTS, TOEFL, DET, YUNUS EMRE, TOMER, т.б.) немесе шет тілін оқытатын білім беру ұйымы берген сертификат көшірмесі немесе ЖЖОКБҰ-ның тестілеу нәтижесі (B2 деңгейінен төмен емес) ұсынылады (К қосымшасы).

Білім алушылардың жеке қаражаты есебінен қатысу үшін үміткерлер шет тілін B2 деңгейінен төмен емес меңгеруі тиіс. Дәлелдеме құжат ретінде шет тілі деңгейін бағалаудың халықаралық жүйелері бойынша (IELTS, TOEFL, DET, YUNUS EMRE, TOMER, т.б.) немесе шет тілін оқытатын білім беру ұйымы берген сертификат көшірмесі немесе ЖЖОКБҰ-ның тестілеу нәтижесі (B2 деңгейінен төмен емес) ұсынылады (К қосымшасы).

6.2.4. Шетел тілін меңгеру деңгейін бағалау үшін тестілеуді ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын үйлестіретін Интернационаландыру офисінің қызметкерлері. Қағаз түрінде (тестіленушілерге оларды отырғызғаннан кейін берілетін белгілі бір нұсқасы бар Тыңдалым, Лексика-грамматикалық құрылым, Оқылым бөліктері бойынша тест тапсырмалары жинақталған емтихан материалы) тестілеу жүргізіледі. Тестілеу: 1 сағат (60 минут) уақытты құрайды. Тестілеу 50 сұрақтан тұратын келесі бөліктерді қамтиды:

Тыңдалым – 5 тапсырма (10 минут);

Лексика-грамматикалық құрылым – 30 тапсырма (30 минут);

Оқылым – 15 тапсырма (20 минут).

Әр тапсырма бір баллмен бағаланады. Әрбір дұрыс жауап үшін бір балл беріледі, келесі кезеңге өтудің шектік балы тест нәтижесі бойынша жалпы ұпай санының 50% құрайды. Бірдей жауаптар белгіленген және (немесе) өшірілген жағдайда балл есептелінбейді. Жауаптарды тек қаламсаппен белгілейді.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығының 46-тармағына сәйкес Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген Халықаралық шарттар/келісімдер және академиялық оралымдылық шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді іріктеу критерийлеріне (бұдан әрі - Үміткерлерді іріктеу критерийлері) сай құжаттары бар үміткерлер бірінші кезеңге қатыспайды және екінші кезеңге жіберіледі.

Үміткерлерді іріктеудің екінші кезеңі әңгімелесу. Комиссия әрбір үміткермен әңгімелесуді 20 минуттан артық өткізбейді. Комиссия мүшелері академиялық оралымдылық шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді жеке әңгімелесуге арналған бағалау парағында 1-5 баллдық жүйемен бағалайды.

Іріктеу нәтижелері ҚР ҒЖБМ жіберіледі (қажет болған жағдайда).

6.2.5. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы ақпарат Университет сайтында, әлеуметтік желілерінде жарияланады және үміткерлердің назарына факультеттердің, кафедралардың, академиялық ұтқырлықты үйлестірушілер мен Интернационаландыру офисі қызметкерлері жеткізеді.

6.2.6. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткер конкурстық ережеге сәйкес қажетті құжаттар пакетін **Ә қосымшасына** сәйкес ұсынады, ол **Л**

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 10-беті |

қосымшасына сәйкес, Академиялық ұтқырлық бағдарламасына өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.

6.2.7. Үміткер өз бетінше және/немесе жіберуші кафедраның эдвайзерінің көмегімен қабылдаушы ЖОО-ны таңдауға, оқуға арналған пәндер тізбесін анықтауға құқылы. Үміткер оқудан өтетін Университет кафедрасы қабылдаушы ЖОО-мен БББ, ЖОЖ (жеке оқу жоспары), МБББ және/немесе ЖОЖ (жұмыс оқу жоспары) келісу үшін жауапты болады. Білім алушы қабылдаушы ЖОО-да пәндерді таңдайды, оларды кафедрамен келіседі және сәйкес келмейтін пәндерді ҚОТ арқылы өтуге өтініш жазады. Үміткердің өтініші негізінде кафедра, АІД, ИО білім алушының ЖОЖ келісіліп, бекітіледі.

6.2.8. Жеке оқу жоспарын қалыптастыру кезінде үміткер ҚОТ арқылы өту үшін оқу кезеңінің жалпы санынан 50% кредитті таңдауға құқылы.

6.2.9. Бітіруші кафедра ИО АҰ үйлестірушісімен бірлесіп, қажет болған жағдайда қабылдаушы ЖОО-ның белгіленген үлгісі бойынша оқу келісімін/Learning Agreement қамтамасыз етеді, онда пәндердің атауы, ECTS кредиттері, оқу семестрі және/немесе ұтқырлық ұзақтығы көрсетіледі. Оқу келісіміне/Learning Agreement енгізілген барлық өзгерістерді үміткер жіберуші кафедрамен және ИО АҰ үйлестірушісінің консультациялық қолдауымен келіседі. Оқу келісімі/Learning Agreement үш данада әзірленеді (бір данасы білім алушыға беріледі, бір данасын қабылдаушы ЖОО-ға ұсынады, біреуін қол қоюдыру арқылы ИО-на өткізеді).

6.2.10. Үміткерді шетелдік ЖОО-ға оқуға қабылдау туралы шешімді қабылдаушы Тарап қабылдайды, оның растамасы ресми шақырту болып табылады. Қабылдаушы ЖОО-дан шақырту алғаннан кейін жіберуші кафедра Университетте ECTS типі бойынша оқу курстары мен кредиттерді қайта тапсыру тәртібі туралы Ережеге сәйкес **Д қосымшасына** сәйкес жеке оқу жоспарын дайындайды.

6.2.11. Әскери кафедраға түсушілер шетелдік немесе отандық жоғары оқу орындарына оқуға жіберілген кезде бұйрық шыққанға дейін 10 күн бұрын әскери кафедрада жеке тәртіппен (өз бетінше) әскери кафедрада оқытудан босату үшін әскери кафедра бастығының рұқсатын алуы қажет.

6.2.12. **Д қосымшасына** сәйкес жеке оқу жоспары негізінде үміткер өзі **Е қосымшасына** сәйкес қабылдаушы ЖОО-ға кеткенге дейін бір аптадан кешіктірмей қабылдаушы ЖОО-ға академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жіберу үшін Университет Басқарма төрағасы – ректорының атына өтініш береді, одан кейін ТК академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға жіберу туралы бұйрық жобасын дайындайды. Өтінішті уақытылы бермеу үміткердің академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

6.2.13. ИО АҰ үйлестірушісі қабылдаушы ЖОО-ға академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жіберу үшін үміткерлердің өтініштерін рәсімдеу және беру процесіне жәрдемдеседі (**Е қосымшасы**).

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 11-беті |

6.2.14. Егер үміткердің жеке оқу жоспарында практикадан өту жоспарланған болса, СМЖ ОҚПУ Е 7.05-2023 «Білім алушыларының кәсіптік практикасын ұйымдастыру мен өткізу» ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.2.15. Егер үміткерде академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде қабылдаушы ЖОО-да болу кезеңінде ғылыми тағылымдама жоспарланған жағдайда, магистрант қабылдаушы ЖОО-да ғылыми тағылымдамадан өтуге құқылы. Бұл жағдайда ғылыми тағылымдаманың академиялық ұтқырлық бағдарламасына енгізілетіні көрсетілген шақыртуды ұсыну қажет. Бұл жағдайда ғылыми тағылымдамаға байланысты шығындарды жіберуші ЖОО өтемейді. Ғылыми тағылымдамадан өту жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтымен, кафедра меңгерушісімен және факультет деканымен келісіледі (**Е қосымшасы**).

6.2.16. Қабылдаушы ЖОО-дан академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оралғаннан кейін 5 (бес) күн ішінде қатысушы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтына ғылыми тағылымдамадан өткені туралы есепті (**З қосымшасы**) (қазақ/орыс және ағылшын тілдерінде) және ғылыми тағылымдамадан өткенін куәландыратын құжатты (сертификат, куәлік, анықтама немесе өзге де құжат) тапсыруы қажет.

6.2.17. Университет Басқарма Төрағасы – ректорының бұйрығы шыққаннан кейін академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушы (бұдан әрі -қатысушы) дербес және/немесе ИО АҰ үйлестірушісінің консультациялық қолдауымен академиялық ұтқырлықтан өту елінің уәкілетті өкілдігінде визаны (қажет болған жағдайда) рәсімдейді, әуе немесе теміржол билетін брондайды (сатып алады), қабылдаушы елде болу кезеңіне медициналық сақтандыруды рәсімдейді (академиялық ұтқырлық бойынша кетер алдында: медициналық сақтандыру міндетті түрде рәсімделуі және ИО АҰ үйлестірушісіне жіберілуі керек).

6.2.18. Академиялық ұтқырлық бойынша оқу ақысын төлеу қажет болған жағдайда, Университетте (шарт бойынша оқитын) немесе бір семстрге арналған мелекеттік грантта (мемлекеттік грант иегерлерінде) оқу құнының 60%-на дейінгі мөлшерде немесе қатысушының есебінен шығындарды өтейді. Қабылдаушы ЖОО-ға академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға Ақшалай транш «Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға жіберу туралы» бұйрық, ҚЭД, ИО және заң департаментінің заң қызметімен келісілген бойынша үшжақты шарт, **Е қосымшасына** сәйкес академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға ақы төлеуге келісілген негізде жүзеге асырылады.

6.2.19. Егер академиялық ұтқырлыққа қатысушы ақылы негізде, кредиттік қаржыландыру жүйесі бойынша оқитын болса, төлем ЖОЖ-ға сәйкес берілетін кредиттер, оның ішінде ҚОТ бойынша жүргізіледі.

6.2.20. Академиялық ұтқырлық бағдарламасын өту мерзімі қабылдаушы ЖОО-ның Академиялық күнтізбесіне сәйкес жеке белгіленеді. Қабылдаушы ЖОО-да оқу басталғанға дейін кредиттердің 80%-дан және одан да көп көлемі игерілген жағдайда үміткер қалған көлемді не ҚБТ бойынша не жеке мерзімде қайтып

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 12-беті |

келгеннен кейін факультеттің шешімімен белгіленген кезеңде қорытынды бақылауды тапсыра отырып өтуге құқылы.

6.2.21. Қатысушы кафедра меңгерушісін және ИО АҰ үйлестірушісін қабылдаушы ЖОО келуі және тіркелуі (қажет болған жағдайда тіркелуі) туралы хабардар етуі тиіс. Қатысушы екі апта ішінде Университет жіберуші кафедрасына қабылдаушы ЖОО енгізген барлық өзгерістер/ толықтырулар туралы хабарлауға және ЖОЖ-ны жіберуші кафедрамен енгізілген барлық өзгерістермен келісуге міндетті.

6.2.22. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аяқталғаннан кейін қатысушы қабылдаушы ЖОО-да бір апта ішінде ИО-ін және кафедраны қайтып келгені туралы хабардар етуге және ТО-дағы **И қосымшасына** сәйкес Университете оқуды қайта бастау туралы өтініш беруге міндетті.

6.2.23. Оралғаннан кейін бір апта ішінде қатысушы мынадай құжаттаманы ұсыну керек:

- ИО АҰ үйлестірушісіне ағылшын/орыс/қазақ тілдерінде (Student evaluation Form) оқудан өтуі туралы есеп (**3 қосымшасы**);

- ИО АҰ үйлестірушісіне, кафедраның/факультеттің халықаралық қызметі бойынша үйлестірушісіне және ТО–де оқу нәтижелерін тану және қажет болған жағдайда стипендия тағайындау үшін оқу нәтижелерін қамтитын Транскрипт немесе ресми құжат.

- республикалық бюджет қаражаты немесе Университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен оқуға жіберілген жағдайда Қаржы және экономика департаментіне қаржылық есеп бойынша түбіртектердің түпнұсқаларын өткізу (- екі жаққа жол жүру билеті, отырғызу талондары; - шетелде болу кезеңіне медициналық сақтандыру; - визаны рәсімдеу кезіндегі алымдар; - шетелдік жатақханада тұрғаны үшін ақы төлемдері).

7. Академиялық ұтқырлықты қаржыландыру

7.1. Академиялық ұтқырлық қаржыландырылуы мүмкін:

- республикалық бюджет қаражаты;
- ақылы қызметтерді іске асырудан Университет кірістері;
- жұмыс берушілердің, әлеуметтік, академиялық және ғылыми әріптестердің, халықаралық және отандық қорлардың гранттары және Стипендиялары;
- білім алушылардың жеке қаражаты.

8. ҚР ҒЖБМ есебінен қаржыландырылатын сыртқы академиялық ұтқырлық

8.1. Республикалық бюджет қаражаты есебінен академиялық ұтқырлық бойынша оқуға шығатындар үшін қаржылық қолдау көрсетуге үміткерлер (бұдан әрі-үміткер) Университет бакалавриатының мемлекеттік білім беру гранты есебінен үшінші және алтыншы семестрге дейінгі білім алатын студенттер қатыса алады.

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 13-беті |

8.2. ҚР ҒЖБМ шетелде оқуға белгіленген нормалар шегінде қаражат бөледі, олар тұруға, оқу орнына дейін және кері жол жүруге арналған шығыстарды, визаны және медициналық сақтандыруды рәсімдеуге арналған шығындарды жабады.

8.3. ИО АҰ үйлестірушілері үміткерлердің құжаттарын талаптарға сәйкес қабылдайды және белгіленген мерзімде ҚР ҒЖБМ жолдайды (қажет болған жағдайда).

8.4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығы негізінде Университет ішінде ҚРҒЖБМ қаржылық қолдау көрсету үшін үміткерлерді іріктеуді жүргізетін Конкурстық комиссия (бұдан әрі-Комиссия) құрылады.

8.5. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығына сәйкес шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу туралы Қағидада регламенттелген.

8.6. Университет комиссиясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығының шетелде оқуға жіберу қағидаларына, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде, көрсетілген іріктеу критерийлеріне (**К қосымшасы**) сәйкес қатысушыларды іріктеуді жүргізеді. Іріктеу нәтижелері ҚР ҒЖБМ жіберіледі (қажет болған жағдайда).

8.7. Шетелде оқуға жіберу қағидаларында, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығында көрсетілген республикалық бюджет қаражаты есебінен академиялық ұтқырлық шеңберінде конкурса қатысуға құжаттар беру қазақстандық жоғары оқу орындары мен серіктес шетелдік жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушы конкурса ЖОО арасындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар болған кезде қатысады. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005499>).

8.8. Үміткер бағдарламаға қатысудан бас тартқан жағдайда, бас тарту туралы өтінішті Басқарама Төрағасы – ректордың атына еркін нысанда жолдау талап етіледі және одан әрі қаржылық қолдау тізім бойынша келесі үміткерге беріледі (резервтен).

8.9. Егер үміткер бағдарламаға іріктеуден өтпесе, бұл үміткер автоматты түрде өзін-өзі қаржыландыру бөлінеді немесе ИО қызметкерлерін хабардар ете отырып академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысудан бас тарта алады.

8.10. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушы оралғаннан кейін бір апта ішінде осы Ереженің 6.2.22-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

9. Университет бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржыландырылатын сыртқы академиялық ұтқырлық

9.1. Университет қаражаты есебінен қаржыландырылатын сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша оқуға шығатындар үшін қаржылық қолдау

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібек атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 14-беті |

көрсетуге (бұдан әрі -үміткер) Университет білім алушылары: үшінші және алтыншы семестрге дейінгі білім алатын студенттер, екінші семестрде білім алатын магистранттар және екінші семестрден төртінші семестрге дейін білім алушы докторанттар қатыса алады.

9.2. Университет қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша аймақтық, пәндік және институционалдық QS рейтингінің TOP 200/400/600/800 қатарына енетін Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, АҚШ пен Туркиядағы университеттерінен шақырту алған қатысушыларға іріктеу негізінде Ғылыми кеңес шешімімен белгіленген бір реттік шәкіртақы түрінде қаржылық қолдау көрсетеді.

9.3. Университет қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша өтініш беруші белгіленген мерзімде қажетті құжаттар топтамасын ИО-не ұсынады.

9.4. Қатысушыларды іріктеу үшін Университет ішінде конкурстық комиссия (бұдан әрі -Комиссия) құрылады, ол Университет бюджеттен тыс қаражаты есебінен бір реттік шәкіртақы түріндегі ішінара қаржылық көрсету үшін үміткерлер арасында іріктеу жүргізеді.

9.5. Университет бюджеттен тыс қаражаты есебінен академиялық ұтқырлық шеңберінде үміткерлер Комиссия мақұлдаған қабылдаушы жоғары оқу орнында оқудан өте алады.

9.6. Университет бюджеттен тыс қаражаты есебінен академиялық ұтқырлық бағдарлама шеңберінде білім алушылар осы Ереженің 2 және 6-тармақтарын (6.3-6.18 тармақшаларын) басшылыққа алады.

9.7. Оралғаннан кейін бір апта ішінде қатысушы осы Ереженің 6.2.22-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

10. Білім алушының жеке қаражаты есебінен қаржыландырылатын сыртқы академиялық ұтқырлық (өзін-өзі қаржыландыру)

10.1. Өзін-өзі қаржыландыру академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткерлерге қойылатын талаптарды Университет мен қабылдаушы ЖОО белгілейді. Университет ережені және «Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» ҚР ҒЖБ 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығын басшылыққа алады.

10.2. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткер оқу, тұру, көлік, виза және медициналық сақтандыруды рәсімдеуге арналған шығындарды, сондай-ақ тәуліктік шығындарды қоса алғанда, барлық шығындарды өз бетінше жабады.

10.3. Егер академиялық ұтқырлыққа үміткер университетте ақылы негізде оқитын болса, Университет ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартында көзделген ақы төлеу талаптары қабылдаушы ЖОО-да академиялық ұтқырлықтан өту кезеңінде сақталады.

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 15-беті |

10.4. Оралғаннан кейін бір апта ішінде қатысушы мынадай құжаттаманы ұсыну керек:

- ИО АҰ үйлестірушісіне ағылшын/орыс/қазақ тілдерінде (Student evaluation Form) оқудан өтуі туралы есеп (**3 қосымшасы**);

- ИО АҰ үйлестірушісіне, кафедраның/факультеттің халықаралық қызметі бойынша үйлестірушісіне және ТО –де оқу нәтижелерін тану және қажет болған жағдайда стипендия тағайындау үшін оқу нәтижелерін қамтитын Транскрипт немесе ресми құжат.

11. Халықаралық бағдарламалармен қаржыландырылатын сыртқы академиялық ұтқырлық

11.1. Халықаралық бағдарламалар туралы ақпаратты білім алушылардың назарына факультеттердің/кафедралардың академиялық ұтқырлықты үйлестірушілер мен интернационалдандыру офисі қызметкерлері жеткізеді және Университет сайтында, әлеуметтік желілерінде жарияланады.

11.2. Халықаралық бағдарламаға қатысуға үміткерлерге қойылатын талаптар қатысатын бағдарламалардың ережелерімен белгіленеді.

11.3. Құжаттардың түпнұсқаларын рәсімдеу және жіберу кезінде шығыстар қатысушының қаражаты есебінен төленеді.

11.4. Халықаралық бағдарламаларға қатысуды қаржыландыру академиялық ұтқырлықтың әрбір жеке бағдарламасын қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

11.5. Егер академиялық ұтқырлыққа үміткер университетте ақылы негізде оқитын болса, Университет ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартында көзделген ақы төлеу талаптары қабылдаушы ЖОО-да академиялық ұтқырлықтан өту кезеңінде сақталады.

11.6. Оралғаннан кейін бір апта ішінде қатысушы мынадай құжаттаманы ұсыну керек:

- ИО АҰ үйлестірушісіне ағылшын/орыс/қазақ тілдерінде (Student evaluation Form) оқудан өтуі туралы есеп;

- ИО АҰ үйлестірушісіне, кафедраның/факультеттің халықаралық қызметі бойынша үйлестірушісіне және ТО–де оқу нәтижелерін тану және қажет болған жағдайда стипендия тағайындау үшін оқу нәтижелерін қамтитын Транскрипт немесе ресми құжат.

12. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарымен ішкі шығыс академиялық ұтқырлық

12.1. Үміткер ИО АҰ үйлестірушісі арқылы қабылдаушы ЖОО-ға жұмыс оқу жоспарын ұсыну арқылы өтініш береді.

12.2. Білім алушы кафедра эдвайзерімен бірге таңдаған ЖОО-да оқу мүмкіндігін қарастырады.

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 16-беті |

12.3. Кафедра меңгерушісі эдвайзермен бірлесіп қабылдайтын ЖОО-да оқытылатын пәндер мен ҚОТ зерделеуге жататын пәндердің тізбесін көрсете отырып, жеке оқу жоспарын (**Д қосымшасы**) дайындайды, салыстыру ведомосінде білім алушының ЖОЖ-на сәйкес Университетте өтілетін барлық пәндер көрсетілуі тиіс.

12.4. Білім алушы кетуге рұқсат беру туралы өтінішті (**Е қосымшасы**) ұсынады және екі құжатты да кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ИО келіседі.

12.5. Кафедра меңгерушісі білім алушыға ұсыныс хат дайындайды.

12.6. Білім алушы академиялық ұтқырлық үйлестірушісіне ұсыныс хат, өтініш, ЖОЖ, транскрипт, оқуға арналған келісім және жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін 2 данада ұсынады.

12.7. ИО АҰ үйлестірушісімен дайындалған және заң департаментінің директоры қол қойған оқуға арналған үшжақты келісім ЖОО ректорымен келісіледі және бекітіледі.

12.8. ИО басшысы қабылдаушы ЖОО-ның Басқарама Төрағасы – Ректорына білім алушыларды қабылдау туралы өтінішімен ресми хат дайындайды.

12.9. Қабылдаушы ЖОО келіскеннен кейін (оқуға үшжақты келісімге қол қою) жіберуші ЖОО академиялық ұтқырлық бойынша кетуге рұқсат беру туралы бұйрықты әзірлейді.

12.10. Оралғаннан кейін бір апта ішінде қатысушы ИО АҰ үйлестірушісіне, кафедраның/факультеттің халықаралық қызметі бойынша үйлестірушісіне және ТО –де оқу нәтижелерін тану және қажет болған жағдайда стипендия тағайындау үшін оқу нәтижелерін қамтитын Транскрипт немесе ресми құжаттарды ұсынады.

13.1. Қабылдаушы ЖОО-ның оқу нәтижелерін тану

13.1. Қабылдаушы ЖОО-ның оқу нәтижелерін тану академиялық ұтқырлықтың міндетті шарты болып табылады және жіберуші кафедра, АІД, ТО-мен келісім бойынша рәсімдейді.

13.2. Академиялық ұтқырлықтан өтудің міндетті шарты білім алушыға ұсынылған ресми Транскриптке немесе қабылдаушы ЖОО-да оқу нәтижелері бар ресми құжатқа (оқытылған пәндері, бағалауды, кредиттері және т.б көрсете отырып), практикадан және ғылыми-зерттеу жұмысынан өткені туралы есепке (болған жағдайда) сәйкес қабылдаушы ЖОО-ның оқу нәтижелерін тану болып табылады.

13.3. Кредиттерді қайта есептеу ECTS типі бойынша тану туралы Лиссабон Конвенциясының қағидаттарына сәйкес және/немесе қол қойылған оқуға арналған келісімдер шеңберінде жүргізіледі (**Б, Ж қосымшасы**).

13.4. Қабылдаушы ЖОО-да кредиттер игерілмеген жағдайда, игерілмеген кредиттерді қайта тапсыру Университетте ақылы негізде жүзеге асырылады. Егер соңғы курстың білім алушылары қабылдаушы ЖОО-да кредиттер санын игермеген жағдайда, Университетке қайтып келгеннен және қайта тіркелгеннен

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 17-беті |

кейін қайта тапсыруы мүмкін емес, бұл жағдайда білім алушы оқудан шығарылады немесе бір курс оқуға қалуы мүмкін.

13.5. Пәндер және олардың көлемі ТО және жіберуші кафедрамен бірлесіп жеке оқу жоспары, транскрипт, өтініш және білім алушының оқу келісімі (**Б, В, Г, Д, Ж қосымшасы**) негізінде қайта есептеледі.

13.6. Қайта есептеу кезінде Университеттегі білім алушының тиісті БББ бойынша алынған құзыреттердің нәтижелері және оның дайындық бағыттары ескеріледі, рәсім СМЖ ОҚПУ ПР 8.04-2023 «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу процесін басқару» процедурасына сәйкес жүзеге асырылады.

13.7. Пәндер және олардың 13.6-тармаққа сәйкес келмейтін көлемі Университетте білім алушының транскриптіне академиялық жетістіктерін енгізіле отырып танылады.

13.8. Алынған бағалар мен кредиттерді ауыстыру қайта есептеу кестесіне (**Ж қосымшасы**) сәйкес жүргізіледі.

13.9. ECTS бір кредитінің (ҚР тең бағалы кредитінің) еңбек сыйымдылығы 25-30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

14. Қосымша шарттар

14.1. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді іріктеу кезінде тең балл алған жағдайда (келесі ретпен) артықшылыққа ие болады:

- GPA жоғары балы бар үміткерлер;
- шет тілі бойынша жоғары балы бар үміткерлер;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер;
- бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;
- көп балалы отбасылардан шыққан үміткерлер;
- университеттің әлеуметтік-қоғамдық іс-шараларына, сондай-ақ,

академиялық және ғылыми зерттеу жұмыстарына белсенді түрде қатысатын білім алушылар басымдыққа ие болады.

14.2. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін құжаттар тізбесі

| № | Құжаттың атауы | |
|---|--|--|
| 1 | Білім алушының академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін өтініші | |
| 2 | Қазақстан Республикасы азаматы төлқұжатының көшірмесі | |
| 3 | ЖЖОКБҰ мөрімен куәландырылған ағымдағы оқу үлгерімі туралы транскрипт | |
| 4 | Шет тілін меңгеру деңгейін растайтын құжат | |
| 5 | Медициналық анықтама (шетелге шығушы үшін) №072/у нысаны бойынша | |
| 6 | Ата-ананың келісімі (кепілхат) | |

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 18-беті |

| | | |
|----|---|--|
| 7 | Студент отбасының көп балалы екенін растау туралы құжат (осы санатқа жататындар үшін) | |
| 8 | Студенттің ата-анасының жоқтығын растайтын құжат (осы санатқа жататындар үшін) | |
| 9 | Студенттің мүгедектігі туралы анықтама (осы санатқа жататындар үшін) | |
| 10 | Білім алушының жеке оқу жоспары | |
| 11 | Ұсыным хат | |
| 12 | Оқу келісімі | |
| 13 | Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша үш жақты келісімшарт | |
| 14 | Шетелдік жоғары оқу орнының ресми шақыруының көшірмесі | |
| 15 | Сурет 3x4 – 4 дана | |

15. Қос дипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі

15.1. Қос дипломды білім беру бағдарламалары және бірлескен білім беру бағдарламалары екі немесе одан да көп әріптес жоғары оқу орындары арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

Бұл ретте қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары:

1) екі әріптес ЖОО-ның келісілген білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын онлайн әзірлеу және бекіту;

2) қос дипломды білім беруге енгізілген білім алушылардың әріптес жоғары оқу орнындағы білім беру бағдарламасының бөлігін онлайн меңгеруі;

3) жалпы қағидаттар мен сапаны қамтамасыз ету стандарттары негізінде серіктес ЖОО-да онлайн оқыту кезеңдері мен нәтижелерін міндетті түрде тану және автоматты түрде қайта есептеу;

4) оқытушылардың қос дипломды білім беруге қатысуы: білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарын бірлесіп әзірлеу, әріптес ЖОО-да оқыту, жалпы қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысу;

5) қос дипломды білім беру бағдарламаларын толық меңгерген білім алушыларға әрбір әріптес жоғары оқу орнының дәрежесі не уағдаластық негізінде бір бірлескен дәреже беріледі.

15.2. Серіктес ЖОО қашықтықтан оқытуға бөлінген квоталар және/немесе гранттар саны туралы хабарлайды. Интернационалдандыру офисінің қызметкерлері деканаттарды серіктес ЖОО-да оқу орындарының саны туралы хабардар етеді және қос дипломды білім беру бағдарламаларына және бірлескен білім беру бағдарламаларына қатысуға үміткерлердің тізімін тапсыруды сұрайды.

Қос дипломды білім беру бағдарламасына кандидаттардың тізімі деканаттарда қалыптастырылады, тиісті кафедра меңгерушісінің қызметтік жазбахатымен ресімделеді және Интернационалдандыру офисіне беріледі.

| | | |
|---|---|-------------------|
|  | «Өзбекәлі Жәнібек атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру процедурасы | 49 беттің 19-беті |

Үміткерлерге қойылатын талаптар: GPA 3,5 баллдан төмен емес, кандидат жоғары оқу орнында қашықтықтан оқытылатын шет тілін білуі. Интернационалдандыру офисі қызметкерлері серіктес ЖОО-ға әлеуетті үміткерлердің тізімін жібереді.

Қос дипломды білім беру бағдарламасына өткен жылдардың түлектері қатыса алады.

Қос дипломды білім беру бағдарламасына білім алушының кандидатурасын қарау оның өтініші негізінде және әріптес ЖОО-мен жасалған келісімге (Шартқа) сәйкес жүзеге асырылады.

15.3. Қосдипломды білім беру бағдарламасына онлайн қабылдау үміткер түсу сынақтарынан өтетін ЖОО-да жүргізіледі және сонымен қатар шетелдік серіктес ЖОО өз университетіне үміткерлерді қашықтықтан қабылдайды.

Серіктес ЖОО-ға қабылдау мерзімі сәйкес келмеген жағдайда кандидаттардың жеке істерінің көшірмелері университетке қабылданғанға дейін шетелдік серіктес ЖОО-ға қарауға және бекітуге жіберіледі және онда бағдарламаға қатысушылар ретінде бекітіледі.

Қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізілген шетелдік білім алушылар "қосылған оқыту" белгісімен және оқыту кезеңін, мерзімін, пәндер санын және игерілетін кредиттердің көлемін көрсете отырып, білім алушылардың жалпы контингентіне қабылдаудың ұқсас рәсімдерінен өтеді.

15.4. Білім алушының жеке оқу жоспарына оқу пәндерінің тізбесі, олардың еңбек сыйымдылығы (кредитпен және сағатпен), семестрлер, серіктес ЖОО-лар бойынша бөлу, қайта есептеу тәртібі кіреді.

Қос дипломды білім берудің білім беру бағдарламасы модульдік принцип бойынша құрылады. Бұл ретте әрбір әріптес ЖОО модульдерді әзірлеуді, оларды ақпараттық-әдістемелік және дидактикалық сүйемелдеуді, оқытушыларды даярлауды және сертификаттауды қамтамасыз етеді.

Білім алушының жеке оқу жоспары қосымша білім беру модульдері мен жазғы семестрді қамтуы мүмкін.

Қос дипломды білім берудің оқу жоспарларын әзірлеу кезінде әріптес жоғары оқу орындары пәндерді меңгеру, оқу және кәсіптік практикадан өту тәртібін, аралық аттестаттау рәсімдерін қоса алғанда, оқыту траекториясын дербес айқындайды. Қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде міндетті компонент пәндерін меңгерудің еңбек сыйымдылығы әріптес жоғары оқу орындарының келісуі бойынша орындылық және кәсіптік бағдарлану қағидаттары негізінде ұлғайтылуы мүмкін.

Пәндерді тану рәсімі және оларды өзара есепке алу олардың мазмұнына және оқудың еңбек сыйымдылығына сәйкес жүзеге асырылады.

